"ҚАЗАҚСТАН ҚОР БИРЖАСЫ" АҚ

"Қазақстан қор биржасы" АҚ
Басқармасының шешімімен

(2026 жылғы 11 маусымындағы
№ 66 отырыс хаттамасы)

б е к і т і л д і

2026 жылғы 01 шілдесінен бастап

қолданысқа енгізілді

Сауда-саттық РЕГЛАМЕНТІ

және қаржы құралдарының параметрлері

Алматы қ.,

2026

М А З М Ұ Н Ы

1-тарау.	Қор нарығында бағалы қағаздар және туынды бағалы қағаздар бойынша сауда-саттықты өткізу уақыты	3
2-тарау.	Қор нарығында репо операциялары бойынша сауда-саттықты өткізу уақыты	4
3-тарау.	Валюта нарығында шетел валюталары бойынша сауда-саттық өткізу уақыты	5
4-тарау.	Валюта нарығында валюталық своп операциялары және шетел валютасымен жүргізілетін операциялар бойынша сауда-саттық өткізу уақыты	6
5-тарау.	Мерзімді нарықтағы сауда-саттық регламенті	7
6-тарау.	Тұжырымды қағидалар	7
1-қосымша.	Қор нарығында бағалы қағаздар бойынша сауда-саттықты өткізу және бағалы қағаздармен жасалатын мәмілелер бойынша қамтамасыз етуді бақылау жүйесінің жұмыс уақыты, бағалы қағаздар бойынша сауда-саттықты өткізудің жеке параметрлері	8
2-қосымша.	Сауда-саттықты өткізу және қор нарығында репо операциялары бойынша қамтамасыз етуді бақылау жүйесінің жұмыс уақыты, репо операцияларын жүргізудің жеке параметрлері	11
3-қосымша.	Репо операцияларының мәндері	**Ошибка! Закладка не определена.**
4-қосымша.	Валюта нарығында шетел валюталары бойынша сауда-саттық өткізу уақыты және шетел валюталарымен сауда-саттық өткізудің жеке параметрлері	177
5-қосымша.	USDKZT_TOM құралымен сауда-саттық өткізген кездегі лоттардың минималды санының өлшемі	232
6-қосымша.	Валюта нарығында валюталық своп операциялары және шетел валютасымен операциялар бойынша сауда-саттық өткізу уақыты, валюталық своп операцияларын және шетел валютасымен операция жүргізудің жеке параметрлері	243
7-қосымша.	Сауда-саттық регламенті және мерзімді нарықтың қаржы құралдарымен сауда-саттық өткізудің жеке параметрлері	298

Осы Регламент "Қазақстан қор биржасы" АҚ (бұдан әрі – Биржа) "Сауда-саттық өткізу ережелері" атты ішкі құжатына сәйкес әзірленді және биржа нарықтарындағы сауда-саттық күнін, сондай-ақ оның ерекшеліктерін, қор нарығындағы қамтамасыз етуді бақылау жүйесінің жұмыс уақытын және Биржа өткізетін сауда-саттықта айналысқа жіберілген қаржы құралдарымен сауда-саттық өткізудің жеке параметрлерін айқындайды.

1-тарау. ҚОР НАРЫҒЫНДА БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР ЖӘНЕ ТУЫНДЫ БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР БОЙЫНША САУДА-САТТЫҚ ӨТКІЗУ УАҚЫТЫ

1. Бағалы қағаздар және туынды бағалы қағаздар (бұдан әрі – бағалы қағаздар) бойынша қор нарығындағы сауда-саттық күні, бағалы қағаздармен жасалатын мәмілелер бойынша қамтамасыз етуді бақылау жүйесінің жұмыс уақыты, сондай-ақ бағалы қағаздармен сауда-саттық өткізудің жеке параметрлері осы Регламенттің 1-қосымшасында айқындалған.
2. Жалғыз сатушымен немесе сатып алушымен сауда-саттық мәні болып табылатын бағалы қағаздар бойынша сауда-саттық күні осы Регламенттің 1-қосымшасында көрсетілген сауда-саттық күнінен ерекшеленуі мүмкін және сауда-саттық бастамашысының өтініші бойынша айқындалады.
3. Үздіксіз қарсы аукцион әдісімен сауда-саттық өткізген кезде бағалы қағаздар бойынша сауда-саттық күні мынадай сауда-саттық сессияларына бөлінеді:
   1) ашу аукционы;
   2) үздіксіз қарсы аукцион;
   3) жабу аукционы.

   Тікелей мәміле жасау әдісімен сауда-саттық өткізген кезде бағалы қағаздар бойынша сауда-саттық күні жеке сауда-саттық сессияларына бөлінбейді.
4. Ашу аукционын өткізген кезеңде:
   1) Биржаның өтінім қабылдау кезеңінің ұзақтығы 9 минут 30 секундты құрайды;
   2) өтінім қабылдау кезеңінің аяқталуы сауда-клирингілік жүйе автоматты түрде кездейсоқ сандарды генерациялау әдісімен айқындайтын, өтінім қабылдау кезеңі аяқталған сәттен бастап 30 секундтан аспайтын кездейсоқ уақыт сәтінде анықталады;
   3) өтінім қабылдау кезеңінің кездейсоқ аяқталуы аяқталғаннан кейін ашу аукционының бағасын анықтау және осындай баға бойынша мәміле жасасу жүзеге асырылады.
5. Үздіксіз қарсы аукцион әдісімен өткізілетін бағалы қағаздар бойынша сауда-саттық сауда-саттық күні ішінде дискреттік аукцион әдісімен, бірақ жабу аукционы басталардан кемінде 10 минут бұрын өткізілуі мүмкін.
6. Бірінші дискреттік аукцион:
   1) Биржада айналысқа жіберілген акциялармен жасалған соңғы мәміленің бағасы осы акциялармен жасалған алдыңғы мәміленің бағасына қатысты 5% және одан көп өзгерген жағдайда;
   2) Биржада айналысқа жіберілген облигациялармен және пайлармен жасалған соңғы мәміленің бағасы осы облигациялармен және пайлармен өткізілген алдыңғы сауда-саттық күнінің орташа сараланған бағасына қатысты 1% және одан көп өзгерген жағдайда өткізіледі.
7. Қайталама дискреттік аукцион:
   1) Биржада айналысқа жіберілген акциялармен жасалған соңғы мәміленің бағасы осы акциялармен өткізілген ағымдағы сауда-саттық күнінің алдыңғы дискреттік аукционының кесім бағасына қатысты 5% және одан көп өзгерген жағдайда; алдыңғы дискреттік аукционның кесім бағасы болмаған жағдайда – осы атаудың акцияларымен алдыңғы мәміле бағасынан;
   2) Биржада айналысқа жіберілген облигациялармен және пайлармен жасалған мәміленің бағасы осы облигациялармен және пайлармен ағымдағы сауда-саттық күнінің алдыңғы дискреттік аукционының кесім бағасына қатысты 1% және одан көп өзгерген жағдайда; алдыңғы дискреттік аукционның кесім бағасы болмаған жағдайда – осы атаудағы

облигациялармен және пайлармен өткізілген алдыңғы сауда-саттық күнінің орташа сараланған бағасынан жүргізіледі.

8. Сауда-саттықты дискреттік аукцион әдісімен өткізетін кезде:

   1) Биржаның өтінім қабылдау кезеңінің ұзақтығы 10 минуттан аспайды;

   2) сауда-клирингілік жүйеге тек лимиттелген өтінімдер беріледі;

   3) Биржаның өтінім қабылдау кезеңі кездейсоқ сандарды генерациялау әдісімен сауда-клирингілік жүйе автоматты түрде анықтаған, бірақ ол басталған сәттен кемінде 9 минут 30 секунд өткеннен кейінгі уақытта аяқталады.

9. Жабу аукционы мынадай дәйекті кезеңдерден тұрады:

   1) Биржаның өтінім қабылдауы;

   2) жабу аукционының бағасы бойынша мәміле жасасу.

10. Жабу аукционын өткізетін кезде:

   1) Биржаның өтінім қабылдау кезеңі сауда-саттық күні аяқталардан кемінде 15 минут бұрын басталады және ол басталған сәттен бастап 10 минут өткеннен кейін аяқталады;

   2) Биржаның өтінім қабылдау кезеңі аяқталған сәттен бастап 30 секундтан аспайтын кездейсоқ сандарды генерациялау әдісімен сауда-клирингілік жүйемен автоматты түрде айқындалған кездейсоқ уақытта берілген өтінімдер негізінде жабу аукционының бағасы айқындалады және осындай баға бойынша мәміле жасалады;

   3) жабу аукционының бағасы анықталмаған болса, сауда-клирингілік жүйенің баптауларымен өтінім қабылдаудың ұзақтығы 3 минуттық қосымша кезеңі басталады;

   4) Биржаның өтінім қабылдау кезеңі аяқталған сәттен бастап 30 секундтан аспайтын кездейсоқ сандарды генерациялау әдісімен сауда-клирингілік жүйемен автоматты түрде айқындалған кездейсоқ уақытта берілген өтінімдер негізінде жабу аукционының бағасы айқындалады және осындай баға бойынша мәміле жасалады;

   5) мәміле жасасу аяқталғаннан кейін сауда-клирингілік жүйе жабу аукционының бағасы бойынша өтінім қабылдайды, оның негізінде осындай баға бойынша мәміле жасалады;

   6) өтінім қабылдаудың және жабу аукционының бағасы бойынша мәміле жасасудың аяқталу уақыты қаржы құралдарымен сауда-саттық күнінің аяқталу уақытымен сәйкес келеді.

11. Егер Қазақстан Республикасындағы жұмыс күні валютасымен тиісті қаржы құралдары бойынша есеп айырысу жүргізілетін мемлекеттегі жұмыс істемейтін мереке күніне сәйкес келсе, мұндай күні төменде көрсетілген қаржы құралдарымен сауда-саттық жүргізілмейді:

   1) толық қамту талабымен сатылатын бағалы қағаздар (туынды бағалы қағаздар);

   2) KASE Global секторының бағалы қағаздары (туынды бағалы қағаздары);

   3) ішінара қамтамасыз ету талабымен сатылатын ETF.

12. Егер есеп айырысу шетел валютасымен жүргізілетін бағалы қағаздармен сатып алу-сату мәмілелерін орындау күні Биржаның корреспондент банктері үшін қандай да бір себеппен осы шетел валютасы бойынша жұмыс істемейтін күн болса, онда осындай мәмілелерді орындау күні болып жұмыс істемейтін күннен кейінгі Биржаның корреспондент банктері шетел валютасымен есеп айырысу жүргізетін Қазақстан Республикасының жұмыс күні есептеледі.

2-тарау. ҚОР НАРЫҒЫНДА РЕПО ОПЕРАЦИЯЛАРЫ БОЙЫНША САУДА-САТТЫҚ ӨТКІЗУ УАҚЫТЫ

13. Репо операциялары бойынша қор нарығындағы сауда-саттық күні, репо операциялары бойынша қамтамасыз етуді бақылау жүйесінің жұмыс уақыты, сондай-ақ репо операцияларын жүргізудің жеке параметрлері осы Регламенттің 2-қосымшасында айқындалған.

14. Үздіксіз қарсы аукцион әдісімен ҚРҰБ себеті бойынша жасалатын репо операцияларымен өткізілетін сауда-саттықты қоспағанда, үздіксіз қарсы аукцион және тікелей мәміле жасасу әдісімен

жасалатын репо операциялары бойынша сауда-саттық өткізген кезде, сауда-саттық күні жеке сауда-саттық сессияларына бөлінбейді.

15. Қосымша сессияда ҚРҰБ себетімен репо операциялары төменде көрсетілген шарттар сақталған кезде жүзеге асырылады:

    1) мәмілелер бойынша контрагент ретінде тек Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі әрекет етеді;

    2) сауда-саттыққа қатысуға қор нарығының клирингілік қатысушысы болып табылатын екінші деңгейдегі банктер және "Қазпошта" АҚ жіберіледі;

    3) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі тұрақты баға белгілеуді жариялайды, бұл ретте сауда-саттыққа өзге қатысушылар Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жариялаған баға белгілеу бойынша ғана мәміле жасасуға құқылы.

16. Егер Биржаның корреспондент банктері қандай да бір себеппен сауда-саттық күні бағалы қағаздардың және/немесе туынды бағалы қағаздардың номиналды құнының валютасы бойынша есеп айырысу жүргізбеген болса, мәні ретінде бағалы қағаздар және/немесе туынды бағалы қағаздар пайдаланылатын репо операциялары бойынша сауда-саттық өткізілмейді.

17. Репо операцияларының мәні ретінде пайдаланылуы мүмкін бағалы қағаздар осы Регламенттің 3-қосымшасында айқындалған.

3-тарау. ВАЛЮТА НАРЫҒЫНДА ШЕТЕЛ ВАЛЮТАЛАРЫ БОЙЫНША САУДА-САТТЫҚ ӨТКІЗУ УАҚЫТЫ

18. Шетел валютасы бойынша валюта нарығындағы сауда-саттық күні, сондай-ақ шетел валютасымен сауда-саттық өткізудің жеке параметрлері осы Регламенттің 4-қосымшасында айқындалған.

19. Сауда-саттық күні негізгі және қосымша сессияларға бөлінетін үздіксіз қарсы аукцион әдісімен өткізілетін USDKZT_TOM валюталық жұбы бойынша сауда-саттықты қоспағанда, үздіксіз қарсы аукцион және тікелей мәміле жасау әдісімен сауда-саттық өткізетін кезде шетел валютасы бойынша сауда-саттық күні жеке сауда-саттық сессияларына бөлінбейді.

20. USDKZT_TOM валюталық жұбы бойынша сауда-саттық күні Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің жазбаша өкімі бойынша ашу аукционынан басталуы мүмкін.

    USDKZT_TOM валюталық жұбы бойынша ашу аукционының басталу уақыты осы құрал бойынша сауда-саттық күнінің басталу уақытымен сәйкес келеді.

    USDKZT_TOM валюталық жұбы бойынша ашу аукционын өткізетін кезеңде:

    1) Биржаның өтінім қабылдау кезеңінің ұзақтығы осындай аукционды өткізу туралы Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің өкімімен белгіленеді;

    2) өтінім қабылдау кезеңі аяқталғаннан кейін ашу аукционының бағасын анықтау және осындай баға бойынша мәміле жасасу жүзеге асырылады.

21. Үздіксіз қарсы аукцион әдісімен өткізілетін USDKZT_TOM валюталық жұбының сауда-саттығы сауда-саттық күнінің кез келген уақытында, бірақ ол аяқталғанға дейін 7 минуттан кешіктірмей, егер:

    1) сатуға және сатып алуға берілген өтінімдер бағасы сәйкес келген немесе қиылысқан кезде ағымдағы сауда-саттық күнінің болжамды бірінші мәмілесінің бағасы осы құрал бойынша алдыңғы сауда-саттық күнінің соңғы мәмілесінің бағасынан 1,5%-ға және одан да көп ерекшеленсе, не

       сатуға және сатып алуға берілген өтінімдер бағасы сәйкес келген немесе қиылысқан кезде болжамды мәміле бағасы осы құрал бойынша ағымдағы сауда-саттық күнінің бірінші мәміле бағасынан 1,5%-ға және одан да көп ерекшеленсе;

    2) сатуға және сатып алуға берілген өтінімдердің бағалары қайта сәйкес келген немесе қиылысқан кезде болжамды мәміленің бағасы осы құрал бойынша ағымдағы сауда-саттық күнінің соңғы дискреттік аукционында қалыптасқан кесім бағасынан 1,5%-ға және одан да көп ерекшеленсе, дискреттік аукцион әдісімен өткізіледі.

22. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің жазбаша өкімі бойынша сауда-саттық дискреттік аукцион әдісімен жүргізілетін шарттардың күші жойылуы мүмкін не бағаның ауытқу шамасы осындай өкімде көрсетілген кезеңге осы Регламенттің 21-тармағында көрсетілген мәннен жоғары белгіленуі мүмкін.

23. Сауда-клирингілік жүйеде үздіксіз қарсы аукцион әдісімен өткізілетін USDKZT_TOM валюталық жұбы бойынша сауда-саттықты осы Регламенттің 21-тармағына сәйкес дискреттік аукцион әдісімен өткізілетін күту режиміне ауыстырған кезде:

    1) күту режимінің минималды ұзақтығы 6 минутты, максималды ұзақтығы 7 минутты құрайды (осы тармақтың 2) тармақшасында белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып);

    2) күту режимінің ұзақтығы 6-дан 7 минутқа дейін болады және сауда-клирингілік жүйемен автоматты түрде кездейсоқ сандарды генерациялау әдісімен айқындалған кездейсоқ уақытта көрсетілген уақыт аралығында аяқталады.

24. USDKZT_TOM валюталық жұбы бойынша сауда-саттық өткізетін кезде лоттардың минималды санының өлшемі осы Регламенттің 5-қосымшасында айқындалған.

4-тарау. ВАЛЮТА НАРЫҒЫНДА ВАЛЮТАЛЫҚ СВОП ОПЕРАЦИЯЛАРЫ ЖӘНЕ ШЕТЕЛ ВАЛЮТАСЫМЕН ОПЕРАЦИЯЛАР БОЙЫНША САУДА-САТТЫҚ ӨТКІЗУ УАҚЫТЫ

25. Валюта нарығында валюталық своп операциялары және шетел валютасымен жүргізілетін операциялар бойынша сауда-саттық күні, сондай-ақ көрсетілген операциялармен сауда-саттық өткізудің жеке параметрлері осы Регламенттің 6-қосымшасында айқындалған.

26. Үздіксіз қарсы аукцион әдісімен сауда-саттық өткізетін және валюталық своп операциялары және шетел валютасымен жүргізілетін операциялар бойынша тікелей мәміле жасасатын кезде, сауда-саттық күні негізгі және қосымша сессияларға бөлінетін үздіксіз қарсы аукцион әдісімен өткізілетін USDKZT_0_001 мен USDKZT_1_001 қаржы құралдары бойынша сауда-саттықты қоспағанда, сауда-саттық күні жеке сауда-саттық сессияларына бөлінбейді.

27. Төменде көрсетілген шарттар сақталған кезде, қосымша сессияда USDKZT_0_001 және USDKZT_1_001 қаржы құралдарымен операциялар жүргізіледі:

    1) мәмілелер бойынша контрагент ретінде тек Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі әрекет етеді;

    2) сауда-саттыққа қатысуға валюта нарығының клирингілік қатысушылары болып табылатын екінші деңгейдегі банктер жіберіледі;

    3) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі тұрақты баға белгілеуді жариялайды, бұл ретте сауда-саттыққа өзге қатысушылар Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жариялаған баға белгілеу бойынша ғана мәміле жасасуға құқылы.

28. Егер валюталық своп операциялары немесе шетел валютасымен жүргізілетін операциялар аяқталатын міндеттемелерді орындау күні Биржаның корреспондент-банктері үшін қандай да бір себеппен осындай операциялардың мәні болып табылатын шетел валютасы бойынша жұмыс істемейтін күн болса, онда осындай міндеттемелерді орындау күні болып жұмыс істемейтін күннен кейінгі Биржаның корреспондент-банктері тиісті шетел валютасымен және ұлттық валютамен есеп айырысу жүргізетін Қазақстан Республикасының жұмыс күні есептеледі.

29. Мерзімі бір ай және одан жоғары болатын валюталық своп операциялары аяқталатын міндеттемелерді орындау күндері тиісті айдың шегінен тыс ауыстырылмайды.

    Егер валюталық своп операциялары басталатын міндеттемелерді орындау күні айдың соңғы жұмыс күні болса, онда валюталық своп операциялары аяқталатын міндеттемелерді орындау күні тиісті айдың соңғы жұмыс күні болып табылады.

30. Егер валюталық своп операциялары аяқталатын міндеттемелерді орындау күні Биржаның корреспондент банктері үшін қандай да бір себеппен осындай операциялардың мәні болып табылатын шетел валютасы бойынша айдың соңғы күнтізбелік күні болса, онда осындай міндеттемелерді орындау күні болып Биржаның корреспондент банктері тиісті шетел валютасымен және ұлттық валютамен есеп айырысу жүргізетін тиісті айдың соңғы жұмыс күні есептеледі.

5-тарау. МЕРЗІМДІ НАРЫҚТАҒЫ САУДА-САТТЫҚ РЕГЛАМЕНТІ

31. Мерзімді нарықтағы сауда-саттық күні, сондай-ақ қаржы құралдарымен сауда-саттық өткізудің жеке параметрлері осы Регламенттің 7-қосымшасында айқындалған.

32. Үздіксіз қарсы аукцион және тікелей мәміле жасасу әдістерімен өткізілетін мерзімді нарықтағы сауда-саттық жеке сауда-саттық сессияларына бөлінбейді.

6-тарау. ТҰЖЫРЫМДЫ ҚАҒИДАЛАР

33. Осы Регламент Биржаның интернет-ресурсында жариялануға тиіс.

34. Осы Регламентке уақытылы өзгеріс және/немесе толықтыру енгізу (өзекті ету) үшін жауапкершілік Биржаның сауда-саттық қызметін қамтамасыз ететін бөлімшесіне жүктеледі.

35. Осы Регламент қажеттілігіне қарай өзектендірілуге тиіс.

    Осы Регламент осы Регламент қолданысқа енгізілген күннен бастап, ал ол өзектендірілген жағдайда – соңғы өзгеріс/толықтыру қолданысқа енгізілген күннен бастап есептелетін әрбір үш жылда кемінде бір рет өзектілендіру қажеттілігіне қайта қаралуға тиіс.

Басқарма төрағасы А.Н. Мухамеджанов

Сауда-саттық регламентінің
және қаржы құралдарының
параметрлерінің

1-қосымшасы

Бағалы қағаздар бойынша қор нарығында

САУДА-САТТЫҚТЫ ӨТКІЗУ УАҚЫТЫ

және бағалы қағаздармен мәмілелер бойынша қамтамасыз етуді бақылау жүйесінің жұмысы, бағалы қағаздар бойынша сауда-саттықты өткізудің жеке параметрлері

№	Құрал	Есеп айырысу валютасы	Есеп айырысу мерзімдері	Мин. лот[1]	Баға белгілеу дәлдігі	Ашу бағасы	Баға белгілеу мәні	Өтінім типтері	Сауда-саттық уақыты		Қамтамасыз етуді бақылау жүйесінің жұмыс уақыты
									үздіксіз аукцион	тікелей мәміле	
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12
1.	Акциялар	ҚР акциялары – KZT; шетелдік – өтініш және қолжетімді валюталар тізбесі бойынша валюта	T+0 T+n	1 акция	Үтірден кейін 2 таңба	ашу аукционының бағасы, болмаған жағдайда – бірінші мәміленің бағасы	ұлттық валютадағы баға	Лимиттелген, айсберг, нарықтық	**ашу аукционы:** 11:20–11:30, **негізгі сессия:** **T+n** 11:30–17:15 **T0** 11:30–16:45, **жабу аукционы:** **T0** 16:45–17:00 **T+n:** 17:15–17:30	10:30–17:30	11:30–17:45
2.	Облигациялар	KZT-дегі облигациялар – KZT; шетелдік валютада – өтініш және	T+0 T+n	1 облигация (KZT); 1 000	Үтірден кейін 4 таңба	Ашу аукционының бағасы,	"Таза" немесе	Лимиттелген, айсберг,	**ашу аукционы:** 11:20–11:30,	10:30–17:30	11:30–17:45

[1] "Ұсақ лоттар" сауда-саттық режімінде қандай да бір жеке атаудағы бағалы қағазбен сауда-саттық өткізген кезде лоттың мөлшері осы бағалы қағаз үшін белгіленген стандартты лоттың мөлшерінен аспауға тиіс.

№	Құрал	Есеп айырысу валютасы	Есеп айырысу мерзімдері	Мин. лот[1]	Баға белгілеу дәлдігі	Ашу бағасы	Баға белгілеу мәні	Өтінім типтері	Сауда-саттық уақыты		Қамтамасыз етуді бақылау жүйесінің жұмыс уақыты
									үздіксіз аукцион	тікелей мәміле	
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12
		қолжетімді валюталар тізбесі бойынша		облигация номинал = шетел валютасының 1 бірлігі; "ұсақ лоттар" – 1 000 облигациядан кем		болмаған жағдайда – бірінші мәміленің бағасы	"лас" баға[2]	нарықтық[3]	**негізгі сессия:** **Т+n** 11:30–17:15 **Т0** 11:30–16:45, **ұсақ лоттар:** 15:00–17:00, **жабу аукционы:** **Т0** 16:45–17:00 **Т+n:** 17:15–17:30		
3.	Инвестициялық пай қорлары/ETF	KZT-дегі пайлар – KZT; шетелдік валютада – өтініш және қолжетімді валюталар тізбесі бойынша	Т+0 Т+n	қордың ережелері бойынша 1 пай немесе бөлшек; болмаған жағдайда – 0,000001 пай/ 1 ETF	Үтірден кейін 2 таңба	Ашу аукционының бағасы, болмаған жағдайда – бірінші мәміленің бағасы	ұлттық валютадағы/шетелдік валютадағы баға	Лимиттелген, айсберг, нарықтық	**ашу аукционы:** 11:20–11:30, **негізгі сессия:** **Т+n** 11:30–17:15 **Т0** 11:30–16:45, **жабу аукционы:** **Т0** 16:45–17:00 **Т+n:** 17:15–17:30	10:30–17:30	11:30–17:45

[2] Биржаның "Облигациялардың кірістілігін және облигациялармен жасалған мәмілелер сомасын есептеу әдістемесі" атты ішкі құжатында белгіленген критерийлерге байланысты.

[3] ОК қатысуымен өтетін сауда-саттық режімінде толық қамтамасыз етумен жасалатын тікелей сатып алу-сату мәмілелерін қоспағанда, Биржада пайдаланылатын сауда-саттық әдістерінің кез келгенімен жеке орналастырылуға тиіс бағалы қағаздар бойынша сауда-саттық жүргізуге тыйым салынады.

№	Құрал	Есеп айырысу валютасы	Есеп айырысу мерзімдері	Мин. лот[1]	Баға белгілеу дәлдігі	Ашу бағасы	Баға белгілеу мәні	Өтінім типтері	Сауда-саттық уақыты		Қамтамасыз етуді бақылау жүйесінің жұмыс уақыты
									үздіксіз аукцион	тікелей мәміле	
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12
4.	Туынды бағалы қағаздар	Сауда-саттықты ашуға өтінішке және қол жетімді валюталар тізбесіне сәйкес	T+0 T+n	1 GDR/ 1 ADR	Үтірден кейін 2 таңба	Ашу аукционының бағасы, болмаған жағдайда – бірінші мәміленің бағасы	шетелдік валютадағы баға	Лимиттелген, айсберг, нарықтық	**ашу аукционы:** 11:20–11:30, **негізгі сессия:** **T+n** 11:30–17:15 **T0** 11:30–16:45, **жабу аукционы:** **T0** 16:45–17:00 **T+n:** 17:15–17:30	10:30–17:30	11:30–17:45
5.	KASE Global	Сауда-саттықты ашуға өтінішке және қол жетімді валюталар тізбесіне сәйкес	T+n	1 акция/1 ETF	Үтірден кейін 2 таңба	Ашу аукционының бағасы, болмаған жағдайда – бірінші мәміленің бағасы	шетелдік валютадағы баға	Лимиттелген, айсберг, нарықтық	**ашу аукционы:** 11:20–11:30, **негізгі сессия:** **T+n** 11:30–21:45 **жабу аукционы:** **T+n:** 21:45–22:00	10:30–22:00	11:30–17:45
6.	Акциялардың мемлекеттік пакеттері	Ұлттық валюта	T+0 T+n	Сатушы анықтайды	Үтірден кейін 2 таңба	сатушы белгілейді	ұлттық валютадағы баға	Сатушы анықтайды	Орналастыру кестесі бойынша	Орналастыру кестесі бойынша	Растау процедуралары шеңберінде

Сауда-саттық регламентінің
және қаржы құралдарының
параметрлерінің

2-қосымшасы

САУДА-САТТЫҚТЫ ӨТКІЗУ УАҚЫТЫ

және қор нарығында репо операциялары бойынша қамтамасыз етуді бақылау жүйесінің жұмыс уақыты, репо операцияларын жүзеге асырудың жеке параметрлері

Репо типі	№	Құрал	Есеп айырысу валютасы	Есеп айырысу мерзімдері	Лот өлшемі	Бағаның дәлдігі	Өтінім типтері	Сауда-саттық уақыты	Қамтамасыз етуді бақылау жүйесінің жұмыс уақыты
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
1. АВТОРЕПО	1.1	ОК қатысуымен МБҚ себетімен жасалатын авторепо	ұлттық валюта	1, 2, 3, 7, 14, 30 және 90 күн	1 000 000 бағалы қағаздар	Үтірден кейін 4 таңба	Лимиттелген, нарықтық	11.30 – 17.00	11.30 – 17.30
	1.2	ОК қатысуымен МҚҰО себетімен авторепо	ұлттық валюта	1, 2, 3, 7, 14, 30 және 90 күн	1 000 000 бағалы қағаздар	Үтірден кейін 4 таңба	Лимиттелген, нарықтық	11.30 – 17.00	11.30 – 17.30
	1.3	Ұлттық валютада есеп айырысумен ОК қатысуымен жекелеген БҚ-мен жасалатын авторепо	ұлттық валюта	1, 2, 3, 7, 14 және 30 күн	1 бағалы қағаз	Үтірден кейін 4 таңба	Лимиттелген, нарықтық	11.30 – 17.00	11.30 – 17.30
	1.4	ОК қатысуымен ҚРҚМ және ҚРҰБ шығарған жекелеген БҚ-мен жасалатын авторепо	ұлттық валюта	1 және 2 күн	1 бағалы қағаз	Үтірден кейін 4 таңба	Лимиттелген, нарықтық	11.30 – 17.00	11.30 – 17.30
	1.5	Шетелдік валютада есеп айырысумен ОК қатысуымен жекелеген БҚ-мен жасалатын авторепо	шетелдік валюта	1, 7, 14 және 30 күн	1 бағалы қағаз	Үтірден кейін 4 таңба	Лимиттелген, нарықтық	11.30 – 17.00	11.30 – 17.30
	1.6	ОК қатысуынсыз МБҚ себетімен жасалатын авторепо	ұлттық валюта	1, 2, 3, 7, 14 және 30 күн	1 000 000 бағалы қағаздар	Үтірден кейін 4 таңба	Лимиттелген, нарықтық	11.30 – 18.00	11.30 – 18.00
	1.7	Ұлттық валютада есеп айырысумен ОК қатысуынсыз	ұлттық валюта	1, 2, 3, 7, 14 және 30 күн	1 бағалы қағаз	Үтірден кейін 4 таңба	Лимиттелген, нарықтық	11.30 – 17.00	11.30 – 18.00

Репо типі	№	Құрал	Есеп айырысу валютасы	Есеп айырысу мерзімдері	Лот өлшемі	Бағаның дәлдігі	Өтінім типтері	Сауда-саттық уақыты	Қамтамасыз етуді бақылау жүйесінің жұмыс уақыты
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
		жекелеген БҚ-мен жасалатын авторепо							
	1.8	Шетелдік валютада есеп айырысумен ОК қатысуынсыз жекелеген БҚ-мен жасалатын авторепо	шетелдік валюта	1, 2, 3, 7, 14 және 30 күн	1 бағалы қағаз	Үтірден кейін 4 таңба	Лимиттелген, нарықтық	11.30 – 17.00	11.30 – 18.00
	1.9	ОК қатысуымен КҚС-мен (KZT) жасалатын авторепо	ұлттық валюта	1, 2, 3, 7, 14, 30, 60 және 90 күн	1 000 КҚС	Үтірден кейін 4 таңба	Лимиттелген, нарықтық	11.30 – 17.00	11.30 – 17.30
	1.10	ОК қатысуымен КҚС-мен (USD) жасалатын авторепо	шетелдік валюта	1, 2, 3, 7, 14, 30 күн	100 КҚС	Үтірден кейін 4 таңба	Лимиттелген, нарықтық	11.30 – 17.00	11.30 – 17.30
	1.11	ОК қатысуымен ҚРҰБ себетімен жасалатын авторепо	ұлттық валюта	Қосымша сессияда 1 күн	1 000 000 бағалы қағаз	Үтірден кейін 4 таңба	Лимиттелген, нарықтық	Қосымша сессия: 15.00 – 17.30	15.00 – 17.30
2. ТІКЕЛЕЙ РЕПО	2.1	Ұлттық валютада есеп айырысумен ОК қатысуымен жасалатын тікелей репо	ұлттық валюта	тараптардың келісімі бойынша 1 күннен 30 күнге дейін	операция мәні лотының мөлшеріне сәйкес келеді	Үтірден кейін 4 таңба	Лимиттелген	10.30 – 17.00	11.30 – 17.30
	2.2	Шетелдік валютада есеп айырысумен ОК қатысуымен жасалатын тікелей репо	шетелдік валюта	тараптардың келісімі бойынша 1 күннен 7 күнге дейін	лоттың мөлшері операция мәні лотының мөлшеріне сәйкес келеді	Үтірден кейін 4 таңба	Лимиттелген	10.30 – 17.00	11.30 – 17.30
	2.3	ОК қатысуынсыз жасалатын тікелей репо	ұлттық валюта	тараптардың келісімі бойынша 1 күннен 90 күнге дейін	операция мәні лотының мөлшеріне сәйкес келеді	Үтірден кейін 4 таңба	Лимиттелген	10.30 – 18.00	10.30 – 18.00
	2.4	ОК қатысуымен КҚС-мен (KZT) жасалатын тікелей репо	ұлттық валюта	тараптардың келісімі бойынша 1 күннен 90 күнге дейін	1 000 КҚС	Үтірден кейін 4 таңба	Лимиттелген	10.30 – 17.00	11.30 – 17.30
	2.5	ОК қатысуымен КҚС-мен (USD) жасалатын тікелей репо	шетелдік валюта	тараптардың келісімі бойынша 1 күннен 30 күнге дейін	1 КҚС	Үтірден кейін 4 таңба	Лимиттелген	10.30 – 17.00	11.30 – 17.30

Сауда-саттық регламентінің және қаржы құралдарының параметрлерінің

3-қосымшасы

РЕПО ОПЕРАЦИЯЛАРЫНЫҢ МӘНДЕРІ

Репо типі	№	Құрал/бағалы қағаздың түрі	ҚР МБҚ	ББҚ (МБҚ себеті)	ХҚҰ	Шетелдік МБҚ	Квазием. ББҚ	Облигациялар	Акциялар	ПИҚ	GDR/ADR	ККС (KZT)	ККС (USD)	Шарттар мен шектеулер
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	15
1. АВТОРЕПО	1.1	ОК қатысуымен МБҚ себетімен жасалатын авторепо	+	+	+									1. Т+ тізімінде болу. 2. Ұлттық валютада және шетелдік валютада номинацияланған.
	1.2	ОК қатысуымен МҚҰО себетімен жасалатын авторепо					+							1. Т+ тізімінде болу. 2. Ұлттық валютада номинацияланған
	1.3	Ұлттық валютада есеп айырысумен ОК қатысуымен жекелеген БҚ-мен жасалатын авторепо	+		+	+		+	+	+	+			1. Т+ тізімінде болу. 2. Ұлттық валютада номинацияланған.
	1.4	ОК қатысуымен ҚРҚМ және ҚРҰБ шығарған жекелеген БҚ-мен жасалатын авторепо	+											1. Т+ тізімінде болу. 2. Ұлттық валютада және шетелдік валютада номинацияланған.
	1.5	Шетелдік валютада есеп айырысумен ОК қатысуымен жекелеген БҚ-мен жасалатын авторепо	+		+	+		+	+	+	+			1. Т+ тізімінде болу. 2. Шетелдік валютада номинацияланған.

Репо типі	№	Құрал/бағалы қағаздың түрі	ҚР МБҚ	ББҚ (МБҚ себеті)	ХҚҰ	Шетелдік МБҚ	Квазимем. ББҚ	Облигациялар	Акциялар	ПИҚ	GDR/ADR	ККС (KZT)	ККС (USD)	Шарттар мен шектеулер
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	15
	1.6	ОК қатысуынсыз МБҚ себетімен жасалатын авторепо	+	+	+									1. Ұлттық валютада және шетелдік валютада номинацияланған.
	1.7	Ұлттық валютада есеп айырысумен ОК қатысуынсыз жекелеген БҚ-мен жасалатын авторепо							+					1. Сауда-саттыққа қатысушының бағалы қағаздарды пайдалану туралы өтініші. 2. Т+ тізімінде болу. 3. Ұлттық валютада номинацияланған.
	1.8	Шетелдік валютада есеп айырысумен ОК қатысуынсыз жекелеген БҚ-мен жасалатын авторепо							+	+	+			1. Сауда-саттыққа қатысушының бағалы қағаздарды пайдалану туралы өтініші. 2. Т+ тізімінде болу. 3. Шетелдік валютада номинацияланған.
	1.9	Ұлттық валютада есеп айырысумен ОК қатысуымен ККС-мен жасалатын авторепо										+		1. Клиринг орталығының ККС шығару туралы шешімі 2. Ұлттық валютада номинацияланған
	1.10	Шетелдік валютада есеп айырысумен ОК қатысуымен ККС-мен жасалатын авторепо											+	1. Клиринг орталығының ККС шығару туралы шешімі 2. Шетелдік валютада және/немесе ұлттық валютада номинацияланған
	1.11	ОК қатысуымен ҚРҰБ себетімен жасалатын авторепо	+	+	+									1. ККС-ның мүліктік пулда болуы. 2. Ұлттық валютада номинацияланған.
2. ТІКЕЛЕЙ РЕПО	2.1	Ұлттық валютада есеп айырысумен ОК қатысуымен жасалатын тікелей репо	+	+	+	+	+	+	+	+	+			1. Т+ тізімінде болу. 2. Ұлттық валютада номинацияланған. 3. Шетелдік валютада номинацияланған

Репо типі	№	Құрал/бағалы қағаздың түрі	ҚР МБҚ	ББҚ (МБҚ себеті)	ХҚҰ	Шетелдік МБҚ	Квазим ем. ББҚ	Облигациялар	Акциялар	ПИҚ	GDR/ADR	ККС (KZT)	ККС (USD)	Шарттар мен шектеулер
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	15
	2.2	Шетелдік валютада есеп айырысумен ОК қатысуымен жасалатын тікелей репо	+	+	+	+	+	+	+	+	+			1. Т+ тізімінде болу. 2. Шетелдік валютада номинацияланған. 3. Ұлттық валютада номинацияланған.
	2.3	ОК қатысуынсыз жасалатын тікелей репо	+	+	+	+	+	+	+	+	+			Бағалы қағаздар Биржаның ресми тізімінде болған кезде.
	2.4	Ұлттық валютада есеп айырысумен ОК қатысуымен ККС-мен жасалатын тікелей репо										+		1. Клиринг орталығының ККС шығару туралы шешімі 2. Ұлттық валютада номинацияланған
	2.5	Шетелдік валютада есеп айырысумен ОК қатысуымен ККС-мен жасалатын тікелей репо											+	1. Клиринг орталығының ККС шығару туралы шешімі 2. Шетелдік валютада номинацияланған

Шартты белгілер:

1. **ҚР МБҚ – Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары (ҚР МБҚ), оның ішінде:**
   - Қазақстан Республикасының мемлекеттік ұзақмерзімді жинақ қазынашылық міндеттемелерін қоспағанда, Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі шығарған (МЕУЖКАМ);
   - Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі шығарған.
2. **Борыштық бағалы қағаздар (МБҚ себеті):**
   - Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі эмитенттің дауыс беретін акцияларының 100% (ББҚ, ҚРҰБ 100% акцияларының эмитенті);
   - эмитенттің Standard & Poor's рейтингтік агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша "BBB" төмен емес рейтингтік бағасы немесе басқа рейтингтік агенттіктердің халықаралық шәкіл бойынша осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы бар (ОК қатысуынсыз МБҚ себетімен жасалатын авторепо үшін).

3. **Халықаралық қаржы ұйымдары (ХҚҰ) шығарған борыштық бағалы қағаздар, оның ішінде:**
   - Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сатып алуға рұқсат етілген;
